



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Ағылшын азаматтық процесіндегі
әрекеттерді шектеу (талап мерзімі)



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Ағылшын азаматтық процесіндегі әрекеттерді шектеу (талап мерзімі)

1. Ағылшын азаматтық процесіндегі шектеу іс-әрекеттерінің түсінігі мен мәні.
2. Белгіленген кезеңдерге қатысты әрекеттерді шектеу тұжырымдамасы.
3. Талап мерзімінің басталуы.
 - 3.1 Талапкерді («Law Society») алаяқтық құрбандарының шеккен зиян орнын толтыру бойынша шартты міндеттеме қабылдауға мәжбүр ете отырып, бухгалтердің үшінші тараптың алаяқтығын анықтау қабілетсіздігі.
 - 3.2 Шартты еңбекақы туралы келісім бойынша Клиентті көзделмеген зиянға ұшыратқан адвокаттың салғырттығы.
 - 3.3 Үшінші тараптың қойылған талабы жөнінде хабар берілгеннен кейін клиентін көзделмеген зиянға ұшыратқан адвокаттың салғырттығы.
 - 3.4. Адвокаттың салғырттығы мүліктің кінәсіз (адал) ортақ иеленушісін сатып алуға арналған ақшадан айырылуына алып келеді.
 - 3.5. Жерді сатып алу-сату келісім шартындағы ақпаратты бұрмалау.

1. АҒЫЛШЫН АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ШЕКТЕУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН МӘНІ

Баронесса Хейл «AB v. Ministry of Defence» ісінде (2012) құқықтың осы институтын «күрделі де жүйесіз» сала деп атаған. Н.Эндрюс болса бұл пікірмен ішінара келіспейді және бұл саланы «күрделі де прагматикалық» тақырып деп атайды.

Бұл тараудың жауап беретін сұрағы келесі болмақ:

«Мен ісі уақтылы өндірілмеген «мүмкіндігін өткізіп алған» субъектінің тағдырына қанша уақытты бөлуге тиіспін?»

Шектелген іс-әрекеттердің мәні:

Құқыққа қайшы іс-әрекетке немесе басқа да іске қатысты жәбірленуші тұлғаның азаматтық өндірісті қозғау қабілеті қарастырылып кеткен істерді қайта қарауға жол бермеу үшін шектелуі тиіс.

1. Қарастырылып болған істерді қайта қарастыруға тыйым салынуы тиіс;
2. Азаматтық өндірісті бастау үшін де тиісті мерзім белгіленуі керек.

Істердің қайта қаралуы және азаматтық өндірісті бастау үшін тиісті мерзімнің белгіленбеуі бұрындары өтіп кеткен әрі тозып үлгерген іс-әрекеттерге қатысты мемлекеттік саясатқа қайшы келеді. Іс-әрекеттердің шектелу жүйесі саясаттың келесі элементтері арқылы қолдау табады:

- Айыпталуы мүмкін тұлғалардың тым ұзақ уақыт бойы сотқа тартылу кәтерінде болуы әділдік пен өркениет талаптарына сай келмейді. Оларға өз өмірін, коммерциялық не мемлекеттік қызметін жалғастыра беруге мүмкіндік берілуі тиіс.
- Ескірген соттық талап қоюлар, әдетте, азаматтық сот төрелігіне күмән келтіре бастайды. Тиісті оқиғалар мен соттық қаралудың басталуы арасындағы ұзақ үзіліс кез келген соттың дау мәніне мән беруі мүмкіндігін төмендетеді.

Өкінішке қарай, ағылшынның азаматтық процесінде елеулі жағдайлардың 30 жыл өтіп кеткеніне қарамастан азаматтық істердің қозғалу фактілері орын алған болатын.

Н.Эндрюстің ойы бойынша жоғарыда көрсетілген екі элементтің біріншісі басымырақ болмақ.

Іс жүзінде өтінушінің талабын растайтын дәлелдеу жүгі оның өзінің мойнында болғандықтан дәлелдеу мәселелері қанағаттандырылады.

2. БЕЛГІЛЕНГЕН КЕЗЕҢДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ӘРЕКЕТТЕРДІ ШЕКТЕУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ.

Талап қою мерзіміне қатысты ағылшын ережелерінің реттейтін мәселелері:

1. Ағылшынның ұлттық соттары мен Жоғары соттағы азаматтық процесс;
2. 1996 жылғы «Төрелік туралы» Заңмен реттелетін арбитраждық қарау.

Қазіргі кезде Англиядағы талап қоюдың ескіру мерзімін реттейтін негізгі акті 1980 жылғы Limitation Act 1980 (Англияның талап қоюдың ескіру мерзімі туралы Заң) болып табылады.



Бұл ережелер белгіленген мерзімдерге қатысты бірнеше жыл бойы күшін сақтайды. Потенциалды өтініш беруші өзінің азаматтық талап қоюын, яғни өтінішінің рәсімделуін тиісті кезеңнің аяқталуына дейін бітіруі керек.

Қазақстан заңнамасында мұндай кезеңді талап қою мерзімінің өтуі деп атайды

Заңның белгіленген уақыт кезеңдеріне көңіл бөлуін оның орнына (яғни, нақты мерзімдердің белгіленуінің орнына) кешіктірілу туралы және мұның әрбір нақты жағдайда іске әсер етуі мәселесін соттың еншісіне қалдыратын басқа доктриналарға қарсы қою керек. Мерзімнен кешіктірілуі түріндегі салғырттық пен үнсіз келісімнен әділ қорғанудың бұл икемді тәсілі 1980 жылғы заңда орын алып отыр.

Сонымен, заңмен белгіленген талап қою мерзімі әлі өтпеген болса да, соттар істі сотта қарауға келіспеуі мүмкін.

Демек, іс-әрекеттің себебіне қатысты заңмен белгіленген талап қою мерзімі әлі өтпеген болса да соттар істі сотта қараудан бас тартуы мүмкін. Мысалы, кәдімгі келісім-шарттық талаптарға қолданылатын 6-жылдық талап қою мерзімінің (немесе іске қолданыла алатын 12-жылдық мерзімнің), шегерілуі, субъектіге оның жалпы құқығын ғана қалдыра отырып, құқықтық қорғанудың нақты құралдарына тыйым салуы үшін жеткілікті болуы мүмкін.

Ағылшынның жалпы құқығы талап қоюдың мерзімін белгілемейді.

Талап қоюдың уақытқа қатысты белгіленетін шектеулері жазба заңдарымен орнатылған (statute of limitations).

Англияда талап қоюдың негіздемесіне байланысты талап қоюдың әртүрлі мерзімдері белгіленген.

Шарттан туындаған дауларға байланысты, заң мерзімдердің келесі түрлерін белгілейді:

- «жай келісім-шарттарға» қатысты (simplecontract).
- «арнайы нысандағы шарттарға» қатысты (specialty).

Арнайы нысандағы шарт ретінде қол қойылған, расталған әрі жеткізілген құжат түсіндіріледі.

Талап қою мерзімі:

6 жыл — «Жай келісім-шарттар» үшін (ауызша не жазбаша), сондай-ақ деликтілік (яғни, зиян келтірілу) құқықтық қатынастардан және есеп айырысу қатынастарынан туындаған талап қоюлар үшін.

Зиянның (залал) келтірілу сәті емес, шарттың бұзылуы сәті.

12 жыл — «Арнайы нысандағы» шарт үшін.

Зиянның (залал) келтірілу сәті емес, шарттың бұзылуы сәті.

3 жыл — Шарттың бұзылуы салдарынан пайда болған жеке басына зиян келтірілу туралы талап қоюлар үшін. Ерекшелігі: талап қою құқығына ие тұлғаның әрекет қабілеттігі болмаса (онда мұндай тұлғаның әрекет қабілетсіздігі тоқтағанынан кейін немесе бұл тұлғаның қайтыс болуынан кейін 6 жыл ішінде), талап қойылуы мүмкін. Мерзім талап қоюшы құқық бұзушылықтың орын алғанын және келтірілген зиянның елеулі екендігін білген күнінен бастап есептеледі.

Талап қоюдың жекелеген түрлері бойынша басқа да талап қою мерзімдері қолданылады. Мысалы, тасымалдау шарттарынан пайда болатын талап қоюларға қатысты әртүрлі мерзімдер белгіленген: темір жол арқылы тасымалдау шартынан туындайтын талап қоюлар мерзімі талап қою құқығының пайда болуы уақытынан бастап есептегенде 3-жылға дейін созылады, ал теңіз арқылы тасымалдау шарттарынан пайда болған талап қоюлардың мерзімі –6-жылға дейін созылады.

Талап қою мерзімдерінің осы түрлерінің барлығын біз келесі дәрістерімізде қарастыратын боламыз.

3. ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІНІҢ БАСТАЛУЫ

Егер де шектеулер туралы Заңды қайта қарайтын болса, негізгі таңдау екі уақыт аралығында жасау керек болар еді:

- талап қоюдың негіздемесі алғаш рет пайда болған уақыт;
- өтініш білдіруші белгілі бір талаптың пайда болуына алып келетін елеулі фактілердің болуын сезген уақыт (ең болмаса оның кеңесуі мен сұрау салуын күту уақыты ішінде күтуге мүмкіндік беретін осы фактілер туралы жеткілікті болатындай хабары болуы тиіс).



Құқықтық мәселелер Комиссиясы фактілік және конструктивті білімнің бұл кешенін «ашылу мүмкіндігі» (немесе «анықталу мүмкіндігі» әлде «көз жету мүмкіндігі») деп атады.

Басқаша тәртіп орнататын ережелерді ескере отырып (денсаулыққа зиян келтірілу туралы талап қоюлар), Шектеулер туралы ағылшын Заңы талап қою мерзімін есептеу белгілерін бекітті. Іс жүзінде, 1980 жылғы Заңда «көзі жету» белгісі, «іс-әрекет негіздемесі» белгісімен бірге келесі төрт жағдайға қатысты қабылданған:

1. Жарақаттарға қатысты талаптар (адамның өлуіне алып келген қайғылы оқиғаларды қоса алғанда).
2. 1987 жылғы Тұтынушыларды қорғау туралы Заңға сәйкес ақауы бар тауарларға қатысты іс-әрекеттер.
3. Азаматтық құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген зиянға қатысты талаптар (жарақат туралы істер бойынша сот қарауын санамағанда мүлікке зиян келтіргені үшін немесе қаржылық шығындар үшін талаптар).
4. Жала жабу бойынша әрекеттер үшін талаптар.

Деликтілік және келісім шарттық қатынастардың көпшілігінде талап қою мерзімі талап қоюшының талап қоюға негіздемесі пайда болған күнінен басталады.

«Талап қою негіздемесі» (талап қоюдың себебі) (cause of action) дегеніміз – талап қоюға заң негіздеме беретін маңызды фактілердің жиынтығы.

Талап қою себептерінің бірі болып талап қоюшыға қатысты жауапкердің өз келісім шартын немесе міндеттемесін бұзуы туралы айтуға негіз болған фактілер табылады.

Мысал: «Berezovsky v. Abramovich» ісінде (2011) жарыс сөздегі мәлімдемеге түзету енгізу туралы сөзінде судья Лонгмор былай деген: «Талап қоюдың себебін – талап қою құқығын туындататын фактілердің жиынтығы құрайды. Талап қоюдың себебі азаматтық құқық бұзушылық болып табылады, ал оның негізгі бөлшектерін құрайтындар: міндеттемені мойындау, міндеттемені бұзу және талапкерге зиян келтіру. Осы құрамдас бөліктердің бірі бұрмаланса, дұрыс рәсімделмесе әлде көрсетілмесе, жаңа талап қоюдың негіздемесі пайда болды деуге болмайды».

«Қарапайым (жай) келісім шарт» туралы іске қатысты талап қоюдың негіздемесі кінәсіз тарап жауапкер жағынан белгілі бір міндеттемені бұзуын анықтаған сәтте пайда болады.

Күш қолдану туралы деликтілік істе талап қою мерзімі құқық бұзушының жәбірленушіге қол жұмсаған сәтінен басталады.

Келтірілген зиянды өтеу туралы деликтілік істе талапкердің талап қоюына негіздеме тек нақты зиян келтірілген сәттен басталады.

Бенефициар өсиетке өзгеріс енгізу туралы адвокатқа өтініш берсе, бірақ адвокат салғырттық танытып, өтінішті дер кезінде қарамай, сол уақыт аралығында өсиет беруші қайтыс болса, адвокаттың салғырттығы туралы бенефициардың деликтілік талап қоюына негіздеме өсиет беруші қайтыс болған сәтте басталады.

Осы сәтте ғана адвокаттың салғырттығын түзету мүмкін болмай қалады (бұл жағдайда бір ғана ерекшелік бар: өсиет бойынша мұрагерлер мен адвокат арасында бенефициарға өтем ақы төлеу туралы өзара уағдаластық пайда болмаса).

Бірақ бұдан әлдеқайда күрделірек істер баршылық.

3.1 Бухгалтердің үшінші тараптың алаяқтығын білмеуінің нәтижесінде талапкердің алаяқтық бойынша өтемақы талап етуі арқылы жауапкершілікке тарту құқығына кедергі келтіру

«Law Society v. Sephton & Co» ісінде (2006), солиситор Х өз клиентінің 1,5 млн фунт стерлингтен астам қаржысын заңсыз иеленіп кеткен. Іске жауапкер ретінде тартылған бухгалтерлік фирма солиситордың ақшаны иемденіп кеткенін білмей қалған.

Бухгалтерлік фирма ақшаны қайтаруға шара қабылдамағандықтан, «Law Society» сотқа жүгінуге мәжбүр болған. «Law Society» ақшаны жауапкер бухгалтерлік фирмдан өндіріп алғысы келген.

Бухгалтерлік есептің қате жасалғаны себеп болды десе, қаржыны қайтару туралы талап қоюға негіз бола алмас еді, себебі бухгалтерлік қате есептің тапсырылғанына алты жылдан астам уақыт өтіп кеткен болатын.

Талапкер талап мерзімін құқығы бұзылған күннен бастап санауды да талап ете алмайтын (жалпы талап мерзімі үш жыл), себебі сол күннен бері үш жыл өткен еді.

Лордтар палатасы Law Society-дің талап қоймау себебі үшінші тараптың алаяқтығы туралы білмегені



деген шешімге келді (лорд Мэнстің сөзі).

Яғни Law Society-ге келген қаржылай зиян жасырын түрде болғандықтан, бірден байқау мүмкін болмаған.

3.2 Жеңіліске ұшырамайтын жағдайда клиентпен шартты еңбекақы туралы келісім бойынша жұмыс істеп жеңіліп қалған кездегі заңгердің салғырттығы

«Axa Insurance Ltd против Akther & Darby Solicitors ісіндегі» (2009) прецедентте Апелляциялық сот сақтандыру компаниясының сақтандыру сомасын төлеудің алдында зиян шеккенін айтқан.

Бұл істе денсаулыққа зиян келтіру туралы болашақта қойылуы мүмкін талап-арыздар туралы консультациялар берген. Жауапкер-адвокаттар тобының мұндай ұсыныстары негізінде өтініш беріп отырған сақтандырушы компания денесіне зақым келтірілді деп болжанған тұлғалардың өкілдерімен сот талқылауынан кейін сақтандыру шартын жасасқан.

Жауапкер-адвокаттар тобы (келісім-шартқа және деликтілік заңнамаға сәйкес) қойылған талаптарды қарастыруы тиіс еді және оларды қарастырудың мақсаты, біріншіден, талап қою кезінде және, екіншіден, одан кейінгі оқиғалар барысында тиісті талаптар 51% (және одан да жоғары деңгейде) сотта табысты қорғалуына көз жеткізу болатын.

Тиісті талаптар іс жүзінде табысты болмай шыққан және осының салдарынан сақтандыру компаниясы едәуір шығынға ұшырайды. Осыған орай келесі сұрақ пайда болды: (I) зиян адвокаттардың бастапқы консультациялары кезінде келтірілді ме (өйткені осының негізінде басынан бастап шығынды сақтандыру орын алды), әлде (II) зиян шығындар көлемі белгілі бір шекке жеткен кезде пайда болды ма?

Апелляциялық сот мүшелерінің көпшілігі келесі шешімге тоқталды (I): бұрынырақ орын алған уақытты пайдаланған дұрыс, өйткені сақтандыру полистері жауапкердің салақтығынан қаржылық шығынға ұшыратқан транзакция (яғни, мәміле) болып табылады. Мұны көзделмеген зиянға әкеліп соқтырған саясат ретінде емес, экономикалық жағынан басынан бастап зиянға алып келуі тиіс саясат ретінде қарастыру керек.

3.3 Жеңіліске ұшырамайтын жағдайда клиентпен үшінші тараптың бұрыннан бар талабы болған кезде жеңіліп қалған кездегі заңгердің салғырттығы

Апелляциялық сот «Lane v. Cullens Solicitors» ісінде (2011) төмендегі фактілерді қарастыру барысында «Law Society v. Sephton & Co» (2006) ісіне қайта жүгініп, «Spencer v. Secretary of State for Work and Pensions» (2008) ісін қолданды.

L қайтыс болған Z-тің жеке өкілі еді. A мен B арасында қайтыс болған Z-тің мүлкін бөлу алдында оған Z-тің тірі кезіндегі оқиғалар негізінде осы мүлікке қатысты талабы бар екенін T хабарлайды. T-нің талабы негізді болған жағдайда әділ сипатындағы талап қоюға алып келер еді және ол меншікке қатысты құқықтан айыру немесе T-ға конструктивті сенім білдіруге негізделетін еді.

Егер бұл талап негізді болған жағдайда, мүлікті A мен B-ға бөліп беру бойынша L-дің міндеті бұзылар еді. L-дің адвокаттары «Cullens» компаниясы, T-нің талабының тағдыры шешілгенше Z-тің мүлкін A мен B арасында бөлмей кідіре тұру туралы хабарлама бермеген. Айналып келгенде T-нің талабы расталады. L «Cullens» салғырттығы нәтижесінде пайда болған зиянның орнын толтыруға бел бұды және оның талабы T талабынан кейін 6-жылға жетпей, бірақ «Cullens»-тің хабарлама бермеуінен кейін 6-жыл өте қойылды.

Апелляциялық сот L-дің өлген адамның мүлкін бөліп беруінен кейін залал келтіріп, өзі де зиян шеккенін анықтады. Зиянның орнын толтыру «Cullens» компаниясының мойнына жүктелді, өйткені ол өзінің кәсіби борышын бұза отырып, T-нің талабы соттың қарауында болған кезде Z-тің мүлкін A мен B арасында бөлмей кідіре тұру туралы L-ге хабарлама бермеген.

T-нің өтініші негізінде жатқан фактілердің барлығы марқұмның активтерін бөлу алдында болғандықтан, T-нің талап қоюы шартты міндеттеме ретінде дәрежелене алмайды.

Сот өзінің әділ шешімін шығару кезінде T-нің талабының негізді екендігіне көз жеткізе отырып, басқаша шешім қабылдауына ешқандай үміт болмады. Демек, «Cullen»-ге қарсы кәсіптік салақтық үшін L-дің талап қоюы марқұмның мүлкін бөліп беру кезінде туындағанына ешбір күмән жоқ.

3.4. Кінәсіз ортақ иеленушіге сатып алу бағамы бойынша кедергі келтірген заңгердің салғырттығы



Судья Рот «Edehomo v. Edehomo» ісінде (2011) талапкердің азаматтық құқық бұзушылық туралы талабы бойынша шығарған Апелляциялық соттың шешімін өзгеріссіз қалдырған, себебі талапкердің талабын негізсіз деп таныған. Е (1) мен Е (2)-нің меншігінде үй бар еді. Е (1) алаяқтық жолмен үйді сатып жіберген, оған солиситоры көмектескен. Бірақ солиситор алаяқтық туралы, яғни үйге құқық беретін құжат пен сатып алу-сату шартындағы Е (2)-нің қолы жалған екенінен бейхабар болған. Үйдің ақшасын Е (1) алған, бірақ Е (2)-ге сатудан түскен ақшаның тиісті жартысын бермеген. Е (2) сотқа жүгініп, ақшасын өндіруді сұраған. Сот бұл істе талап қоюдың негізі қашан пайда болғанын тексерген.

Судья Рот бұл істе талап қоюға негіз Е (1) мен үйді сатып алушының арасында сатып алу-сату шартына қол қойған сәтте пайда болғанын, яғни үйдің құқық беруші құжатын сатып алушыға бергенге дейін пайда болғанын айтқан (егер құқық беруші құжатты сатып алушыға берген кезде пайда болды десе, талапкердің талап қоюына еш кедергі жоқ еді). Сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін үйдің бағасын төмендеткен, егер төмендетпесе, Е (2) бұл үйді (тіпті Е (1) алғашында алаяқтық жолмен сатып жіберген болса да) төртінші тұлғаға сата алатын еді.

Судья Рот мұны былай түсіндірген: бірде бір сатып алушы (төртінші тұлға) мүліктің біреуге заңсыз сатылып кеткенін, бірақ ол келісім-шарттағы мүлік иесінің қолтаңбасы жалған болғандықтан оған мән бермеуге болатындығын біле отырып, жылжымайтын мүліктегі үлесті нарықтағы бағамен сатып алғысы келмейді. Потенциалды сатып алушы оның дұрыс (заңды) болғандығын білуі мүмкін емес, және бірде бір сатып алушы мұндай мүлікке қатысты соттасқысы келмейді.

Талап қоюшының бағына келісім-шарттармен алмасу күнінен 6-жылдық мерзім өтіп кеткен болып шықты, сондықтан, талап 1980 жылғы Талап мерзімі туралы Заңның 2-бөліміне сәйкес талап қою мерзіміне сай болмады.

3.5. Жерді сатып алу-сату келісім шартындағы ақпаратты бұрмалау

Канцлер сотының судьясы «Green v. Eadie» ісінде (2011) сатып алу-сату шарттарымен алмасқан күнді осыған ұқсас фактілер үшін аса маңызды сәт ретінде бағалады. Жоғарыдағыға ұқсас істе ол келесі қорытындыға келді: өкілдің адвокатына қарсы қатар берілген талаптың негіздемесі шарттармен алмасқан күні пайда болғандықтан, бұл маманның одан кейінгі құқық бұзушылықтарын дәлелдеу мүмкін емес.

Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
2. Foreign Limitation Periods Act of 24 May 1984. [Электронный ресурс] URL: <http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1984/16/enacted>
3. Решетникова Е.В. Сроки исковой давности в гражданском праве Российской Федерации, Франции и Англии. – Томск, 2017. // [Электронный ресурс] URL: <http://ui.tsu.ru/wp-content/uploads/2017/06/Решетникова-Е.В.-Сроки-исковой-давности-в-гражданском-праве-Российской-Федерации-Франции-и-Англии.pdf>
4. Здрок О.Н. Гражданский процесс зарубежных стран. Курс лекций: Учебное пособие. – Мн.: БГУ, 2004. – 147 с.